





Елді мекендердің
дәстүрлі
тарихи атаулары



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТІЛ КОМИТЕТІ

**Өңірлердегі ономастика мәселелері: елді мекендердің
дәстүрлі тарихи атаулары**
республикалық дөңгелек үстелі материалдарының
ЖИНАҒЫ

Астана, 2012 ж.

УДК 811.5/2. 122'373
ББК 81.2 Қаз – 3
Ө 54

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
Тіл комитетінің тапсырысымен шығарылды.

Жинақтың жауапты редакторы: Ш. Құрманбайұлы
Шығаруға жауаптылар: С. Сәлемов, Г. Тауел

Ө 54
«Өңірлердегі ономастика мәселелері: елді мекендердің
дәстүрлі тарихи атаулары» республикалық дөңгелек үстелі
материалдар жинағы. - Астана, 2012. - 59 бет.

ISBN 978 – 601 – 80320 – 2 – 8

Жинақта жалпы елді мекендердің тарихи атауларын қалпына келтіру мәселесін шешудің жолдарын анықтау мақсатында өңірлердегі әкімшілік-аумақтық бірліктер атауларының ағымдық ахуалын нақты жағдайда зерделеу, ел аумағындағы атаулардың, айтарлықтай көп өзгеріске ұшыраған аймақтардағы елді мекен атауларының жай-күйін талқылау көзделген.

Жинақ маман-қызметкерлерге, оқытушыларға, жалпы көпшілік қауымға арналған.

УДК 811.5/2. 122'373
ББК 81.2 Қаз – 3

ISBN 978–601–80320–2–8

© ҚР МАМ Тіл комитеті

Шерубай Құрманбайұлы
ҚР Мәдениет және ақпарат
министрлігінің Тіл комитеті
төрағасының орынбасары,
ф.ғ.д., профессор

Кіріспе сөз

Құрметті жиынға қатысушылар!

Қазақ даласына төнген отаршылдық езгі мен тотолитарлық режимнің салдарынан қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы мен болмыс-бітімін сипаттайтын көптеген елді мекендердің атаулары өзгеріске ұшырап, қазіргі таңда біразы ұмыт бола бастады. Осы елді мекендердің тарихи атауларын қалпына келтіру қазіргі ономастика саласының ең өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Қазіргі таңда ел аумағында 36 облыстық бағынысты қала, 170 аудан, 47 аудандық бағынысты қала, 8000-нан астам елді мекен бар болса, осы әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауларының 1579-ы кенес дәуірін дәріптейтін атаулар, ал 1922-сі елді мекеннің атауы орысша аталады. Осы келтірілген статистикалық деректерден, елді мекендеріміздің атауларының 40 пайыздан астамы орыс тілде екені белгілі болып отыр, бұл көрсеткіш тұтас мемлекетіміздің бет-бейнесін құрайтын елді мекен атауларының мүшкіл халде екенін анық айғақтайды. Кейбір шетел азаматтарының біздің елімізді картадан көріп, Ресейдің губерниясының бірі екен деп санауы да түсінікті.

Еліміз егемендікке қол жеткізгелі 20 жылдың жүзі болды, ендігі келмеске кеткен кеңес дәуірін, жат мемлекеттің идеологиялық ұранын насихаттайтын атаулардан арылып, қасақана бұрмаланған төл атауларымызды қалпына келтіретін кез келді.

Бұл жігерлік пен табандылықты, батыл шешімді талап ететін өте қыруар да күрделі жұмыс.

Елбасының тапсырмасы бойынша атқарылып жатқан ономастика саласындағы құқықтық нормаларды реттеу жұмыстары аяқталғаннан кейін, осы мәселе кезек күттірместен міндетті түрде қолға алынуы керек.

қаламыздағы әйгілі ботаникалық бақ та жаңартылып, жайнатылып, «Қызылжар оранжереясы» атауын алғанын. «Петропавл су» акционерлік қоғамы «Қызылжар су» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып қайта құрылғанын, «Красный яр» ансамблі бір-ақ күнде «Қызылжар» ансамблі болып шыға келгенін – қысқасы, көне «Қызылжар» атауы көпшіліктің құлағына ұдайы сіңіріліп жатқанын айтқан жөн. Асылы, осынау күрмеуі күрделі де шетін мәселеде асығып-аптықпай, «бір жағадан – бас, бір жеңнен қол шығарып» дегендей, ақылмен әрекет еткеніміз абзал болар.

Қаланың атын өзгерту маңызды ма, әлде, оның затын өзгерту маңызды ма? Әрине, аты затына сай болуға тиісті. Бұл ретте де айтарлықтай істер бар. Тәуелсіздікке дейін Петропавлда қазақтардың саны 8 пайыздай ғана еді, Елбасының саликалы саясатының арқасында қазір 24 пайызға жеттік. Осыдан 21 жыл бұрын мұнда жалғыз-ақ қазақ мектеп-интернаты бар еді, қазір алты таза қазақ мектебі жұмыс істейді. Сол алты мектептің өзі де бүгінде аздық, тарлық етуде. Соған орай облыс әкімі Серік Біләловтің осыдан төрт жыл бұрын берген тапсырмасына сәйкес қаладағы бос орындар бар орыс мектептерінің жанынан қазақ сыныптарын ашу арқылы Петропавлдағы аралас мектептер саны 15-ке жеткізілді. Ал Қызылжар өңіріндегі қазақ ауылдарында кеңес өкіметі тұсында жабылып қалған 94 қазақ мектебі түгел қалпына келтірілді. Тәуелсіздікке дейін облыстағы қазақ балаларының небәрі 25 пайызы ғана өз ана тілінде білім алған болса, қазір 28 427 қазақ баласының 21 034-і немесе 65 пайызы ана тілінде оқиды.

Ұлы Абайдың ақылын алып, «ақырын жүріп, анық басып» келе жатқандығымыз ақиқат.

Сәуле Иманбердиева
Халықаралық бизнес
академиясының
профессоры, филология
ғылымдарының докторы

Тарихи атаулар – елдің танымдық кілті

Тіл әр халықтың өміріне, тарихына, мәдениетіне, білімі мен дамуына ықпал ететін табиғи фактор ретінде ерекше рөл атқарады, себебі адам дүниеге келген сәттен бастап әлемді өз ана тілінде тани бастайды, сол арқылы әлемнің тілдік бейнесін қалыптастырады.

Халықтың тарихы, жерді игеруі мен ғасырлар бойы көрші тұрып келе жатқан басқа халықтармен өзара қатынасы айнадағыдай тіл иелерінің аялық білімі мен мәдениетінде көрініс тапқан ажырамас бөлігі ретіндегі ономастика лингвистикалық ғылымның бір тармағы екені барлығыңызға аян. Кезкелген онимдік жүйе қоғамның тарихи дамуының нақты кезеңін көрсететін атаулардан тұрады. Жалқы есімдер – этностың қоғамдық тарихы көрініс тапқан, таңбалау жүйесінің ерекшеліктері мен тіл заңдылықтарының дамуы бейнеленген өзіндік ескерткіштер. Яғни халықты танығың келсе, оның тілін, ділін, тарихы мен мәдениетін зерделеу керек. Қазақ халқын этнос ретінде таныту үшін біз тарихи атауларымызды жоғалтпай, сол қалпында жеткізуіміз керек.

Тіл бірлігі ретінде жалқы есім – сөз немесе жұмсалымдық тұрғыдан ұқсас сөз тіркесі ретінде аталған қатынас түрлеріне ие, олар: денотативті, сигнификативті, құрылымдық-тілдік, алайда сапасы жағынан жалқы есімдерді жалпы есімдердің соған сай мағыналық компоненттерімен салыстырғанда біршама ерекше, бұл жалқы есімдердің тілдік-айтылымдық ерекшелігін қамтамасыз етеді және тілдің жалпы лексика-семантикалық жүйесі шеңберінде ерекше жүйелілікке біріктіреді.

Жалқы есімдердің лексикалық мағынасын мойындау әлеуметтік ерекшелік пен ұлттық-мәдени ерекшелігін көрсететін олардың қосымша, коннотативті мағынасына, яғни лексикалық аяға ие болу қабілетін зерттеу туралы сөз қозғауға мүмкіндік береді.

Аялық білімнің болуы «аталмыш тілдік ұжым мүшелеріне белгілі бір даму кезеңінде бұрыннан тән мәлімет жиынтығын» білдіреді. Аялық білім адам, оны қоршаған орта, табиғат, тұрмыс-салты, медицина, музыка, өнер, ғылым, техника, экономикалық және саяси өмірі т.б. туралы мәліметтерден тұрады.

Аялық білімнің құрамы мен көлемі, оның сипаты мен өзектілігі «тілдік ұжым» өмірінің белгілі бір кезеңінде өзгеріп отырады: бүгін өзекті болған нәрсе, ертең өз дәрежесін өзгертуі мүмкін. Бұған мысал ретінде Кеңес үкіметін дәріптейтін атауларды келтіруімізге болады, алайда оларды халықтың танымдық кілті деп еш айта алмаймыз.

Зерттеушілер атап өткендей, аялық білім нақты құрылымға ие. Жалқы есімнің тұрпат межесіне енетін аялық білімнің үш деңгейі бар: жалпы адамзаттық білімі, жалпы ұлттық (жалпы тілдік) (елтанымдық) білімі, өлкетанымдық (аймактанымдық) білімі.

Баланың тілі өз ана тілінде шығады, қоршаған ортаны танып-білуде ұлттық тілде сақталған белгілер ерекше рөл атқарады, себебі белгілі бір социумда өзін тұлға ретінде сезінуіне мүмкіндік береді, сол қоғамға, қауымға тән екенін білдіреді, яғни ұлттық бірегейлендіру орын алады.

Кең байтақ казак даласында ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа тарап, бүгінгі заманға жетіп отырған жер-су аттары (топонимдер) – талай дәуірдің қарт куәсі (Т. Жанұзақ). Қайталап айтқым келеді, тарихи атаулар негізінде ұрпақты тәрбиелемесек, онда ұлттық бірегейлендіруді, түптеп келгенде тілімізді, санамызды мүлде жоғалтамыз. Сана жоғалса, онда ұл та жоғалады.

Тілдік фактор еліміздің әлеуметтік өмірінде ерекше стратегиялық рөл атқарады. Мәселен, ұлттық паремия, прецедентті феномендер т.б. тілдік бірліктер халықтың ұрпақ тәрбиелеуінде маңызды болып табылады. Мысалы, жер бедері ерекшелігі мен кен байлықтары жөніндегі ақпарат тікелей тілдік бірлікте көрсетілген: **АЙЫРТАУ** – Солтүстік Қазақстандағы тау, айыр (зат есім) + тау (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Айыртау – “екі ашалы, екі салалы тау” мәнін білдіреді. **АҚСОРАҢ** – жота, Атау мағынасын зерттеушілер әртүрлі түсіндіреді: Ақ және сортаң сөздерінен құралған, “ағарып тұрған, биік жота” мағынасындағы атау (Қоңқашбаев, 1963) немесе өсімдік атымен қойылған атау (Е. Қойшыбаев). **СІЛЕТІ** – өзен,

Сілеті – түркі сөзі, қазақша сілті, сөзбе-сөз, сақардың тұңғаны. “Тұнық көл” мағынасындағы атау. **ҰЗЫНЖАЛ** – қоныс, Ұзын және жал сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: “созылыңқы келген жал”. **Ескендіркөл** – көл. Александр Македонский есімімен байланыстырады, бірақ бұл атау соғды топонимі «Искодармен» байланысты, мағынасы «жоғары, биікте жатқан».

Шымбұлақ – / Шыңбұлақ. Тау басындағы бұлақ дегенді білдіреді. Бұл ақпарат киіз үйді тігуде қойшылар үшін маңызды. Сол сияқты, *Келішектау, Миялы, Жусанды, Аңырақай, Дегерес, Жыланды, Жыңғылды, Қарашығанақ, Жезқазған, Кентау, Текелі* т.б. Осыған байланысты тілдік бірліктер экологиялық тұрақтылықты қамсыздандыруда стратегиялық маңызды рөл атқарады. Себебі тіл табиғи орта туралы жергілікті халықтың білімі мен танымын сақтаған.

Топонимдердің ақпараттық қызметі жөнінде ғалымдардың па пікірі біртектес: «Географиялық атаулардың халықтардың тұрғылықты мекенінен және этникалық топтардың өзара қатынасынан көрініс беретіні әркімге де белгілі. Географиялық атаулар, әсіресе ең көшелері, өзіндік бір тарихи ескерткіш болып табылады. Олардың көбі көне құжаттардан көненің әлеуметтік қатынасын және ежелгі адамдардың тұрмыстық ерекшеліктерінен көрініс беретін алғашқы тұрпатында, тіптен олар өз тұрпатын өзгертіп, қазіргі тілдің қолданысындағы сөздеріне ұқсас болып жатса да, анықталуы мүмкін» [1].

Топонимдер әр тілдің лексикалық қабатының салмақты бөлігін құрайтыны белгілі, бұл алдымен, кеңістікте бағыт алу мақсатында қалыптасқан адам санасындағы географиялық болмыс көрінісінің алғашқы тұрпаты. Топонимдердің тағы бір маңызды ерекшелігі – бұл көптеген мәдениетте географиялық нысан – бұл тіл, мәдениет, тарихи география, дәстүр, этностың өзін-өзі тану ескерткіші, тарихи қатынастың құрылымдық элементтерінің бірі [2].

Әдебиеттер:

- 1 Супранская А.В. Общая теория имени собственного. –М.: Наука, 1973. –С. 276-284.
- 2 Горбаневский М.В. В мире имен и названий. –М., 1987. –С.4.